

Бекітемін

«СҚО денсаулық сақтау басқармасы»

ММ «Явленка аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК

директорының м.а. 2026 жылғы «09» қаңтардағы № 15/1-п

бұйрықпен Е.В. Береснева



**«Явленка аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК қызметкерлеріне арналған
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ**

1. Қолданылу саласы

сы Нұсқаулық сыбайлас жемқорлық бағытындағы іс-әрекеттерге не жататынын айқындайды, «Явленка аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі — «Кәсіпорын») қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай туындаған кездегі іс-қимыл тәртібін белгілейді.

сы құжат Кәсіпорынның барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің танысуы және қолдануы үшін міндетті болып табылады.

сы Нұсқаулықта келтірілген талаптар ең төменгі қажетті талаптар болып табылады және оларды нақты жағдай үшін түпкілікті және/немесе шектеуші ретінде қарастырмау керек.

2. Негізгі ұғымдар

ұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен қысқартулар:

- Сыбайлас жемқорлық — жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы өздері үшін не үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе шығарып алу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы осы адамдарды сатып алу.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл — сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі.
- Коммерциялық сатып алу — коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамға оның өзінің қызметтік жағдайын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүддесі

үшін қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету.

- Лауазымды тұлға — билік өкілінің функцияларын тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын тұлға, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалар.
- Мүдделер қақтығысы — жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл кезде аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін.
- Пара — мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының жеке өзі немесе делдал арқылы алатын ақшасы, бағалы қағаздары, өзге де мүлкі, мүлікке құқығы немесе мүліктік сипаттағы пайдасы.
- Пара бопсалау — адамның пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың заңды мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін іс-әрекеттер жасау қатерімен пара талап етуі не заңмен қорғалатын мүдделер үшін зиянды салдардың алдын алу мақсатында оны пара беруге мәжбүр ететіндей жағдайларды қасақана жасау.

3. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасында пара алу және пара беру әрекеттері заңсыз болып табылады және Қылмыстық кодекстің және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің қолданысына жатады. Егер ақша түріндегі мүліктік пайда, өзге де мүлік, материалдық қызмет көрсету лауазымды тұлғаның келісімімен оның туған-туыстары мен жақындарына берілсе немесе ол бұған қарсы болмай, өзінің қызметтік өкілеттіктерін пара берушінің пайдасына пайдаланса, лауазымды тұлғаның іс-әрекетін пара алу ретінде саралау керек. ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес ақшамен, бағалы қағаздармен және өзге де мүлікпен қатар өтеусіз көрсетілетін, бірақ төленуге тиіс мүліктік сипаттағы пайдалар да (туристік жолдамалар беру, пәтер жөндеу, саяжай салу және т.б.) пара және коммерциялық сатып алу нысанасы болуы мүмкін. Мүліктік сипаттағы пайдалар деп, атап айтқанда, берілетін мүліктің, жекешелендірілетін объектілердің құнын

төмендетуді, жалдау ақысын, банктік қарыздарды пайдаланғаны үшін пайыздық мөлшерлемелерді азайтуды түсіну керек.

ара алу және пара беру — бұл бір қылмыстық модельдің екі жағы: егер пара туралы сөз болса, бұл параны алатын адам (пара алушы) және оны беретін адам (пара беруші) бар дегенді білдіреді.

ара алу — ең қауіпті лауазымдық қылмыстардың бірі, әсіресе егер ол адамдар тобымен жасалса немесе лауазымды тұлғаның заңды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар мен пайда алуынан көрінетін бопсалаумен ұласса.

ара беру — лауазымды тұлғаны заңды немесе заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға не пара берушінің пайдасына қандай да бір артықшылықтар беруге, алуға, оның ішінде қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін көндіруге бағытталған қылмыс.

ара нысаналары мыналар болуы мүмкін:

аттар, ақша, соның ішінде: валюта, банктік чектер мен бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, азық-түлік өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық аспаптар және басқа да тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер учаскелері және басқа да жылжымайтын мүлік;

айдалар: емделу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторлық және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын-сауық және басқа да шығындарды өтеусіз немесе төмендетілген құн бойынша төлеу;

араның жасырын нысаны — банктік қарызды қарызға немесе жоқ қарызды өтеу түрінде беру, төмендетілген бағамен сатып алынған тауарларды төлеу, тауарларды жоғары бағамен сатып алу, парақорға, оның туыстарына, достарына жалақы төлей отырып, жалған еңбек шарттарын жасасу, жеңілдікті кредит алу, дәрістер, мақалалар мен кітаптар үшін қаламақыларды негізсіз арттыру, казинодағы «кездейсоқ» ұтыс, қарызды кешіру, жалдау ақысын азайту, кредит бойынша пайыздық мөлшерлемелерді көбейту және т.б.

үдделер қақтығысының алдын алу немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйымдар мен талаптарды, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатында жүгінулер туралы жалдаушының (жұмыс берушінің) өкілін хабардар ету міндетін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген өзге де міндеттерді сақтау маңызды. Кейбір сөздер, сөйлемдер мен қимылдар айналадағыларға пара беру туралы өтініш (ишара) ретінде қабылдануы мүмкін екенін атап өткен жөн.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру туралы шешім қабылдаған жағдайдағы іс-әрекеттеріңіз

қалауыңыз бойынша сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе 1424 Call-орталығына ауызша немесе жазбаша өтінішпен жүгіне аласыз.

Сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық туралы хабарлаудың нысандарының бірі — жасырын (анонимді) өтініш. Бұл жағдайда өтініш беруші жасырын болуына байланысты жауап алуға үміткер бола алмайды, ал қылмыс туралы жасырын өтініштің өзі қылмыстық іс қозғау үшін негіз бола алмайды, мұндай өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бар жағдайларды қоспағанда.

Пара бопсалаған жағдайда сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгініп, сізден пара немесе коммерциялық сатып алу нысанын бопсалау фактісі туралы өтініш жазуыңыз керек, онда мыналарды нақты көрсету қажет:

ауазымды тұлғалардың қайсысы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мекеме атауы) сізден пара бопсалап жатыр немесе коммерциялық құрылымдар өкілдерінің қайсысы сізді сатып алуға итермелеп жатыр;

опсаланған параның (сатып алудың) сомасы мен сипаты қандай;

ақты қандай әрекеттері (немесе әрекетсіздігі) үшін сізден пара бопсаланып жатыр немесе коммерциялық сатып алу жасалып жатыр;

араны тікелей беру немесе коммерциялық сатып алу қай уақытта, қай жерде және қандай тәсілмен жүзеге асырылуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай кезіндегі қызметкерлердің іс-қимыл алгоритмі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгінумен қатар, қызметкерлер осы нұсқаулыққа сәйкес басшылықты хабардар ету бойынша шаралар қабылдауы тиіс. Бекітілген штаттық құрылымға сәйкес, барлық қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарды және сыбайлас жемқорлық сипатындағы белгілері бар жағдайларды анықтаған және/немесе кездескен жағдайлардағы іс-қимылының келесі алгоритмі әзірленді: Қызметкерлер жетекшілік ететін орынбасарға және Комплаенс қызметкеріне хабарлауы тиіс. Бұл ретте, қызметкерлер мүмкіндігінше өз уәждері бойынша дәлелдемелік базаны (куәгерлер, құжаттар, хат-хабарлар, соның ішінде мессенджерлер арқылы, аудио және бейне материалдар және т.б.) ұсынады және оны алгоритмге сәйкес уәкілетті органға және жоғары тұрған басшылыққа береді.

6-тарау. Қорытынды ережелер

Нұсқаулыққа енгізілетін өзгерістер/толықтырулар ол директормен бекітілген күннен бастап өз күшіне енеді.